

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 24 наурыздағы N 3423. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 2 4 н а у р ы з д а ғ ы

N 3 4 2 3 Ж а р л ы ғ ы м е н

Бекітілген

**Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау
жөніндегі агенттігі туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі (бұдан былай - Агенттік) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін әрі елдің дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін өзге де орталық атқарушы органдар мен Қазақстан Республикасы ведомстволарының, сондай-ақ экономиканың стратегиялық секторларында қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғамдар жұмысының жылдық стратегиялық жоспарларын әзірлеу үшін жауапты мемлекеттік орган болып табылады.

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің, сондай-ақ осы Ереженің негізінде жүзеге асырады.

II. Агенттіктің міндеттері

3. Агенттіктің негізгі міндеттері:

- 1) әлемдік тәжірибені зерделеу, жалпы әлемдік тенденцияларды талдау мен

б о л ж а м

ж а с а у ;

2) Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын айқындау ;

3) стратегиялық жоспарлаудың принциптері мен әдіснамасын айқындау;

4) Қазақстан Республикасы дамуының стратегиясын әзірлеу;

5) Қазақстан Республикасының министрліктері мен мемлекеттік комитеттерінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасы ведомстволарының, сондай-ақ экономиканың стратегиялық секторларында қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғамдар жұмысының жылдық стратегиялық жоспарларын әзірлеу;

6) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары бойынша аса маңызды мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу болып табылады.

III. Агенттіктің функциялары

4. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Агенттік мынадай функцияларды іске асырады :

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен өзге де республикалық, халықаралық және шетелдік ұйымдардан ақпаратты жүйелі түрде жинап, тексереді және жіктеп отырады;

2) Қазақстан Республикасының экономикалық жай-күйін талдау мен болжам жасауды және ішкі әлеуетіне баға беруді жүзеге асырады, сондай-ақ әлемдік экономиканың дамуының жай-күйі мен болжамдарын талдайды;

3) Қазақстан Республикасының министрліктерімен және мемлекеттік комитеттерімен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының ведомстволарымен ведомстволық стратегияны және жылдық стратегиялық жоспарларды әзірлеу процесінде өзара іс-қимыл жасайды;

4) өзіне Қазақстан Республикасының Президенті жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

IV. Агенттіктің құқықтары

5. Қойылған міндеттер мен функцияларды іске асыру үшін Агенттікке:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне елдің дамуының мақсаттары, басымдықтары мен стратегиясы жөнінде ұсыныстар енгізу;

2) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының министрліктері мен мемлекеттік комитеттерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін өзге де орталық атқарушы органдардан, Қазақстан Республикасының ведомстволарынан, жергілікті атқарушы органдардан, ұйымдардан Агенттікке стратегиялық жоспарлау саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу үшін қажетті ақпаратты сұрату және алу;

3) өз құзыреті шегінде атқарылуға міндетті нұсқаулар беру және нормативтік

құқықтық актілер шығару;

4) экономиканы стратегиялық жоспарлау саласында заңдардың қолданылу практикасын талдау және қорыту, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, заң және өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларын даярлауға қатысу, оларды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу;

5) Қазақстан Республикасының Президентіне стратегиялық жоспарлауды нақтылау және қайта қарау жөнінде ұсыныстар енгізу;

6) заңдарға сәйкес Агенттіктің халықаралық шарттар жасасуға, келіссөздер жүргізуге және өз құзыретінің шегінде шет елдердің тиісті ведомстволарымен, халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен келісімдерге қол қоюға құқығы бар;

7) басқа министрліктер мен ведомстволардың мамандарын жұмысқа тарту;

8) шетелдік сарапшылар мен консультанттарды жұмысқа тарту құқығы беріледі.

V. Агенттіктің жұмысын ұйымдастыру

6. Агенттікке Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басшылық етеді.

Төраға орнында болмаған жағдайда оның міндеттерін департаменттердің директорларының бірі атқарады.

7. Агенттіктің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

8. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі Агенттік төрағасы:

1) дара басшылық негізінде Агенттіктің қызметін басқарады, Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді, стратегиялық жоспарлау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды ұйымдастырады, Қазақстан Республикасы Президентінің аса маңызды мәселелер бойынша тапсырмаларын орындайды;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына стратегиялық жоспарлау проблемалары жөнінде ұсыныстар, сондай-ақ Агенттіктің құзыретіне жататын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын енгізеді;

3) департаменттер басшыларының міндеттерін бөледі;

4) өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, олардың атқарылуын тексереді;

5) азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарайды;

6) белгіленген құрылым, адам саны және еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Агенттіктің штат кестесін бекітеді;

7) Агенттік қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

8) қазақстандық және шетелдік заңды тұлғалармен өзара қарым-қатынастарда

Агенттік атынан ресми өкілдік етеді;

9) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9. Агенттік қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

10. Агенттік заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген әрі қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі болады.